

Х. ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ КеАҚ
«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» КАФЕДРАСЫ



ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

7M02201 – Тарихшы-зерттеуші
(білім бағдарламасы)

2019-2020 оқу жылы

Атырау, 2019 ж.

№	Пәннің коды және атауы	Курстың мақсаты Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Қалыптасатын құзыреттіліктер (30 сөзден көп емес)	Пәндер циклы		Акад емия лық креди т көле мі	Ұсы нылғ ан семес тр
					(ЖБ П, БП, КП)	ЖК, ТК,		
I курс								
1	IFN 5201 Ғылым тарихы және философиясы	Ғылым тарихы және философиясы пәнінің мақсаты: Білім алушылардың бойында ғылым ұғымы мен мәні, құрылымы, тәсілдері, ғылымдағы басты парадигмалық теориялар туралы, ғылыми болжамдар, аксиомалар мен теориялардың қалыптасу заңдылықтары туралы, ғылымның даму тарихы мен заңдылықтары, ғылым дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктер мен білімдер, мағлұматтар жүйесін қалыптастыру. ғылыми зерттеудің логикасы, ғылымның онтологиясы, ғылымның постпозитивистік бейнесін ашу	<i>Тарих Философия, Мәңгілік Ел және рухани жаңғырту, Зерттеу жұмысына кіріспе</i>	Қазіргі ғылым мәселелері мен методологиялық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді, әдіс теориясымен, яғни қағидаларымен, жолдарымен, тәсілдермен, ғылыми іс-әрекетін әдістерін меңгереді; ғылым методологиясы мен логикасын ұғынуға, ғылыми-зерттеу жұмыстың методологиялық мәдениеті туралы түсінік қалыптасады.	БД	ЖК	5	1
2	IYa 5202 Шет тілі (кәсіби)	Пәннің мақсаты: Мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілік шетел тілін және өзге мәдениетті үйренуде білім беру біліктілігі. Аударма (мәселе, пән бойынша жалпы аялық ақпарат, пікірталас туғызатын жағдаяттар, ықтимал шешімдер) тілі үшін бастапқы мәтіннің пәндік мазмұнын бенелейтін жаңа танымдық лингвомәдени кешендерді меңгеру ретінде түсіндірілетін контентті-кәсіби біліктілік. Оқып жатқан тілдің деңгейлерін үштұғырлы тілдерді оқытудың ұлттық бейімделген деңгейлік үлгісіне сәйкес меңгеру біліктілігі. Деңгейлерді меңгеру шетел тілдері деңгейлерінің Жалпыеуропалық шкаласына сәйкес жүзеге асырылады	<i>Шет тілі</i>	Теориялық грамматиканың тілдік - мағыналық құрылымы және грамматикалық бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі қызметі туралы түсінік қалыптасады Сөйлеу және тыңдап түсіну дағдаларын дамыту;	БД	ЖК	5	1
3	PVSh 5203 Жоғары мектеп педагогикасы	Пәннің мақсаты: жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негіздерін меңгеру, болашақ оқытушыларды жалпы проблематикамен, жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздерімен, оқыту мен тәрбиелеуді талдау, жоспарлау мен ұйымдастырудың заманауи технологияларымен, ЖОО-ның білім беру	<i>Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Инклюзивті білім беру,</i>	Құзыреттілігі: Педагогикалық процестегі қарым қатынастың ерекшеліктері, қарым-қатынас этикасының негіздерін, педагогикалық процестегі қарым-қатынас жасау дағдысын меңгереді;	БД	ЖК	5	1

		үдерісінде оқытушы мен білім алушының субъекті-субъектілі өзара іс-қимылының коммуникативтік технологияларымен таныстыру. Курста педагогиканың базалық білімдері жетілдіріледі. Фундаменталды және жоғары мектептің педагогикасы түсініктердің негізінде адам тұлғасы мен әрекеттеріне тұтас көзқарастарын қалыптастырады.	<i>Педагогика, жас ерекшелік психологиясы</i>	- педагогикалық құбылыстардың табиғатын талдай білу; педагогиканың басқа ғылымдармен байланысын түсіну; Күтілетін нәтиже: Педагогикалық процестегі қарым-қатынас жасау біліктілігі, педагогикалық процестегі қарым қатынас туралы білім, этикалық нормаларды, педагог этикасының ережелері мен заңдылықтарды меңгереді.				
4	PU 5204 Басқару психологиясы	Басқару психологиясы пәннің мақсаты: іскерлік қарым-қатынастың этикалық нормалары мен психологиялық негіздерін меңгерту. Педагогикалық процестегі қарым-қатынас психологиясың ерекшелігі. Педагогикалық қарым-қатынас барысында адам жетістігі мен оның табиғаты. Педагогикалық қарым-қатынастағы жағдайлардың туындау себептері мен түзету жолдары, психологиялық сауаттылық негіздері, іскерлік қатынас этикасының ережелері мен заңдылықтары	<i>Білім берудегі инновациялық технологиялар, Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық негіздері, Психологиядағы математикалық статистикалық әдістер</i>	Құзыреттілігі: Психологиялық қарым қатынастың ерекшеліктері, қарым-қатынас этикасының негіздері, іскерлік қарым-қатынастың психологиялық құрылымын меңгеру; Күтілетін нәтиже: қарым-қатынас жасау біліктілігі, іскерлік қарым қатынас туралы білім, этикалық нормаларды меңгереді;	БД	ЖК	5	1
5	ОPII 5205 Тарихи зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Тарихи зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау пәнінің мақсаты: тарихи зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау, ғылыми ізденістің жалпыға ортақ әдістері мен методологиялық негіздерін оқытады. Зерттеу процесінің логикалылығын қалыптастыру, ғылыми аппаратының әдіснамасы. Магистрлік диссертация тақырыбының таңдап алынуынан бастап, оның толыққанды аяқталуына дейінгі жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы процесінің негізгі кезеңдері жөнінде теориялық білім, әдістемелік кеңес беріледі.	<i>Зерттеу жұмысына кіріспе, Қазақстан тарихының деректемесі, Теориялық деректену, Тарихнама</i>	Құзыреттілігі: Зерттеуің ғылыми теориялық негіздері және зерттеу жұмыстарын жоспарлау туралы білім қалыптастырады, зерттеу әдістерін қолдана білу дағдысын дамытады; Күтілетін нәтиже: Зерттеушілік қабілет және ғылыми эвристикалық дағды, зерттеу жұмыстарын жоспарлау қабілеті дамиды;	БД	ТК	8	1
	ТMII 5205 Тарихи пәнаралық зерттеулердің теориясы мен практикасы	«Тарихи пәнаралық зерттеулердің теориясы мен практикасы» пәнінің мақсаты магистранттарға өзінің ғылыми-зерттеу және білім беру қызметінде жаңа технологияларды қолданудың негізгі әдістері мен жолдарын меңгерту болып табылады. Пән бағдарламасы жаңа технологияларды ғылым мен білімде қолданудың қол жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, оны тарихи зерттеулер мен тарих	Пәнді оқыту барысында магистранттарға отандық тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелерін білім беру үрдісіне пайдаланады; Зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеру; кәсіби және жеке тұлғалық білімін тұрақты түрде жетілдіріп отыру, сондай-ақ одан арғы					

		білімін беруде практикалық қолдану жағын қарастырады.		білім жетілдіру бағыты мен кәсіби мансабын жобалау қабілетін арттыру;				
6	ТМРІІ 5206 Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері	Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері курсының мақсаты: Тарих ғылымындағы теория және методологияның қалыптасу тарихы мен дамуының негізгі кезеңдері. Тарихи үрдісті зерттеудегі формациялық және өркениеттік принциптер. Әдіс және методология түсінігі. Тарихтың философиясы. Тарихи үрдістің заңдылықтары. Тарихты кезеңдерге бөлудің критерийлері. Методологияның теориялық негіздері. Отан тарихын қайта қорытуда болып жатқан түбегейлі өзгерістер. Дүниежүзілік тарихты зерттеудегі жаңа концепция және теориялар. Курста антика медиевистика, жаңа және қазіргі заман тарихын бірнеше дәрежеде жалпыевролық, ұлттық жекелеген ағымдар және ұлттық тарихнама бағыттарына сай дамып жатқан процесс ретінде қарастырылған.	<i>Ежелгі дүние жүзі тарихы, орта ғасырлар тарихы, Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихының іргелі мәселелері Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар, Ғылым тарихы мен философиясы.</i>	Кәсіби тарихшыны қалыптастыру негізделген; ғылымның дамуы барысында жинақталған деректерге субъектінің сыни көзқарастарын қалыптастырады; -білімдер мен әдістерді қолданып, қоғамдық ойдағы жаңа мағлұматтарды өз позициясы тұрғысынан сын көзбен бағалап, талдай алу дағдысын қалыптастырады; -деректанулық талдаудың негізгі принциптерін, тәсілдерін және методтарын меңгеруге көмектесу; -тарихи деректерді сұрыптау, пайдалану және талдауды үйренеді; -тарихи зерттеулерде теориялық-методологиялық мәселелерді қолдана білу;	БД	ТК	7	2
	NNZOI 5206 Шетелдік және отандық тарихнамадағы жаңа бағыттар	Шетелдік және отандық тарихнамадағы жаңа бағыттар курсының мақсаты: болашақ тарихшы-маман, тарихшы - зерттеушілерді тарихты оқыту әдістемесінің теориялық, әлістемелік аспектілерімен, тарих пәнін оқытудың заманауи инновациялық технологиялары және әдіс тәсілдерімен таныстыра отырып, қазіргі таңдағы тарихты оқыту барысында қордаланған, туындайтын өзекті мәселелерді шешу жолдарын көрсету		Ғылымның дамуы барысында жинақталған деректерге субъектінің сыни көзқарастарын қалыптастырады; Тарихи білім негізінде оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізе алу қабілетін дамытады; Тарихи білімдер мен әдістерді қолданып, қоғамдық ойдағы жаңа мағлұматтарды өз позициясы тұрғысынан сын көзбен бағалап, талдай алу дағдысын қалыптастырады;				
7	FPA 5301 Археологияның іргелі мәселелері	Археологияның іргелі мәселелері пәнінің мақсаты: тарихи үрдістерді түсінудегі археологиялық деректердің рөлін көрсету, сондай-ақ тарих ғылымы үшін археологияның танымдық маңызын айқындау, археологияның қазіргі дәрежесі мен деңгейіне, оның шешімдері мен міндеттеріне, болашағына назарын аудару болып табылады. Археология саласындағы қазіргі мәселелерді терең меңгеру, берілген ғылымның барлық салаларында материал жинау үрдісінен бастап, лаборатория жағдайында өңдеуге дейін білімнің кең ауқымын меңгерту;	<i>Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мұрағаттану, Теориялық деректану</i>	- Археологиялық мәселелер арасындағы өзара байланыстың кең ауқымын түсіну және бекіту, тәжірибеде іргелі ұстанымдарды қолдану; - Археологиялық зерттеулерде қолданылатын жалпы теориялық, практикалық әдістерді білу; - Тарихи және этномәдени үдерістерге кешенді талдау жүргізу арқылы, өркениеттік, мәдени және формациялық тәсілдердің ұстанымдарына сүйене отырып, зерттеу міндеттерін шеше білу;	ПД	ЖК	5	2

8	ShIBSNET 5302 М.Шоқай және Тұтас Түркістан бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрес тарихы	М.Шоқай және Тұтас Түркістан бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрес тарихы пәнінің мақсаты: Мустафа Шоқайдың қайраткерлік болмысы мен шығармашылық мұрасын зерттеу, қазақ халқының азаттық жолындағы күресі, саяси-әлеуметтік көзқарасын баяндау. Оның шет елдердегі қызметі, философиялық ойлары мен тарихи еңбектерін саралау	<i>Қазақстан тарихы, Архивтану, Тарихнама, Дүниежүзі тарихы, Деректану, Отан тарихы, Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері</i>	-Тарихи оқиғаларға талдау жасай алу, оларға баға беру және қорытынды жасай білу; -Отандық тарих және мәдениет саласындағы базалық білімдерді тарихи зерттеулерде пайдалана білу;	ПД	ТК	5	2
	DAZAO 5302 Алаш қозғалысы және Батыс Алашорда	Алаш қозғалысы және Батыс Алашорда пәнінің мақсаты: 1917 жылғы революциядан кейін пайда болып, барлық ұлттардың шеткі аймақтарында, оның ішінде Қазақстанды қамтыған тұрақты өзгерістерге тоқтала келе, бостандық, теңдік идеяларын уағыздаған ағартушылық демократиялық бағыттағы «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі төңірегіне топтасқан қазақ автономияшылары қозғалысы тарихын түсіндіреді. Алашорда тарихының жан-жақты ғылыми негізде қаралуына және оның Батыс бөлімінің қызметінің тарихи маңызын көрсетуге бағытталған. Әсіресе Алашорданың Кеңес өкіметінің, антикеңестік ресейлік күштермен байланысты және ресейлік азаматтық қарсыласу жылдарындағы ұстанған позицияларының тарихи түп-тамырын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Алашорда қайраткерлерінің саяси тұрғыдағы өзіндік бет бейнесін көрсету қарастырылған.		-Қоғамның дамуының туралы: әлемдік тарихи процесте Қазақстанның орны, әлеуметтік (сынақ) қабілет түрі, өркениет, мәдениет әр түрлілігі туралы білімді игеру; -Деректанудың әдістемесі мен теориясының түсінуі, Батыс Алашорда тарихынан деректер, көмекші тарихи пәндер кешені туралы көрініс қалыптастыру. -Қазақстан халықтарының Батыс Алашорда кезеңіндегі тарихын зерттеуге біртұтас концептуальді келуді білу; -Тарихи зерттеуерде теориялық-методологиялық мәселелері қолдана білу;				
9	NPFPI 5303 Дүниежүзілік тарихтың іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас	Дүниежүзілік тарихтың іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас атты пән магистранттарға жалпы дүние жүзі тарихының негізгі дамуы кезеңдеріндегі өзекті мәселелер мен оқытуда, талдауда, ғылыми зерттеуде осы күнге дейін ой – талас, пікір сайыстарын тудырып отырған негізгі өзекті мәселелерге арналған. Әлем тарихындағы іргелі мәселелер қатарына жататын шығыс елдеріндегі құлдық туралы пікірлер, антикалық өркениет, эллинизм дәуірінің қазіргі тарих ғылымында зерттелеуі, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар туралы тарихнамадағы зерттеулер мен пікір – таластар, «қырғи қабақ соғыс саясаты», бейтараптық кезең және Кеңес – американдық қатынастарының тарих ғылымындағы тарихнамалық зерттеулердегі	<i>Дүниежүзі тарихы, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Тарихнама, Теориялық деректану</i>	Кәсіби тарихшыны қалыптастыру негізделген; Ғылымның дамуы барысында жинақталған деректерге субъектінің сыни көзқарастарын қалыптастырады; білімдер мен әдістерді қолданып, қоғамдық ойдағы жаңа мағлұматтарды өз позициясы тұрғысынан сын көзбен бағалап, талдай алу дағдысын қалыптастырады; деректанулық талдаудың негізгі принциптерін, тәсілдерін және методтарын меңгеруге көмектесу; Тарихи деректерді сыныптау, пайдалану және талдауды үйренеді.	ПД	ТК	5	2

		талдануы мен ондағы жетістіктер мен олқылықтар және оны шешудің жолын келешек мамандарға ғылыми зерттеу әдістері арқылы бағыт бағдар беру						
	APZKSOIKTs 5303 Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштері жалпыәлемдік тарихи-мәдени құндылықтар жүйесінде	Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштері жалпыәлемдік тарихи-мәдени құндылықтар жүйесінде пәнінің мақсаты: Батыс Қазақстан археологиясының отандық және дүниежүзілік тарих ғылымының қазіргі даму үрдістеріне сай зерттелуін көрсету Магистранттарға дүние жүзіндегі археология ғылымдарының және мәдениеттерінің ерекшеліктерін үйрете отырып, жан-жақты салыстырмалы, баламалық әдістемелікті меңгеруді қалыптастыру. Магистранттардың өздігінен жұмыс істеуінің басты методологиялық принциптері – дәріс кезінде алған теориялық білімдерін семинар, конференция арқылы жүйелі, логикалық түрде баяндай алуы және тарихи білімді қалыптастыру болып табылады.		-археология бойынша қажетті теориялық білім қалыптастыру, археологиялық мәліметтермен жұмыс істей білу, зерттеушілердің ғылыми жұмыстары мен концептуалдық көзқарастарымен таныстыру болып табылады. -пәннің ерекшелігіне байланысты археологиялық терминологиялық сөздік қалыптасады; -дүние жүзіндегі археология ғылымдарының және мәдениеттердің ерекшеліктерін үйрете отырып, жан-жақты салыстырмалы, баламалық әдістемелікті меңгереді;				
10	FPOI 5304 Отандық тарихтың іргелі мәселелері	Отандық тарихтың іргелі мәселелері пәнінің мақсаты: XX ғасырдағы Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті теориялық мәселелеріне сипаттама жасау арқылы, ұлттық сананы қалыптастыру болып табылады. Оның міндеті алдына қойған мақсатына сәйкес, Отандық тарихты жаңаша зерделеудің методологиялық принциптерін анықтау . Отандық тарихтың пәндер жүйесіндегі орнын, оның объектісі мен пәнінің ерекшеліктерін, ең өзекті проблемаларын анықтау; бүгінгі тарих және тарих ғылымының рөлі, оның салалары мен бағыттары, тарихтың белгілі кезеңдеріндегі әлеуметтік және саяси проблемалар туралы түсінік қалыптастыру.	<i>Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Теориялық деректану, Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері, Мәңгілік Ел және Рухани жаңғыру</i>	XVIII ғ. екінші жартысы – XX ғ. 30-ші жылдар бас кезіндегі қазақ халқының мәдениеті, жеке басқа табынудың зардаптары, кенестік қоғамның тоқырауы кезеңіндегі Қазақстан. (70-80жж.) тақыраптарға кеңінен тоқталып, білім алушылардың ой-өрісін дамытады және кеңейтеді. Отан тарихтың іргелі мәселелерін жетілдіру, төл тарихымыздың өзекті мәселелері мен «актаңдақтарын» жете зерттеуде жаңа әдістерді іздестіреді.	ПД	ТК	5	2
	SRKKTk 5304 Қазақстанның далалық аймақтарындағы көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы және дамуы	Қазақстанның далалық аймақтарындағы көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы және дамуы пәнінің мақсаты: отан тарихы мен ежелгі түркі өркениетінің мәдениетіне, түркі халықтарының мәселелеріне объективтік тұрғыда тарихи білім беру, көшпелілердің эволюциялық сатыларын түсіндіру; Қазақстанның далалық аймақтарындағы көшпенділер		Көшпелілердің мемлекеттік жүйесімен, билік құрылымдары туралы жалпы мағлұматты болу, оларға қатысты негізгі ғылыми әдебиеттерді, ғылыми зерттеу бағыт-бағдарларын білуі керек; тарихи мәтіндерді танып білу, ғылыми сөздіктер мен әдебиеттер арқылы деректанулық талдау жасауды,				

		өркениетінің қалыптасуы мен дамуын хронологиялық, тарихи-философиялық және әлеуметтік-саяси тұрғыдан ашып көрсету.		тарихи мәтіндерді көрнекі деректер ретінде оқыту үрдісінде пайдалануды меңгеру;				
2 курс								
11	6305 Дәстүрлі қазақ қоғамының даму тенденциялары және инновациялар	Дәстүрлі қазақ қоғамының даму тенденциялары және инновациялар пәнінің мақсаты: Дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы объективті мағлұмат беру, дәстүрлі мәдениетті түсіндіру, ел тарихы туралы жүйелі білім қалыптастыру болып табылады.	<i>Этнография, Саясаттану, Әлеуметтану, философия, Тарихи зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау, Теориялық деректану, Қазақстан және дүниежүзі тарихының деректемесі</i>	Концептуалды- теориялық мәселерді түсінуін, тарихи үрдістердің жалпы және ерекше тұстарын анықтауды, тарихи заңдылықтар мен себеп-салдарлы байланыстарды ажырата білуін қалыптастыру; өркениет жетістіктері негізіндегі тарихи фактілер мен оқиғаларды хронологиялық реттілікпен баяндау;	ПД	ТК	5	3
	6305 Әлеуметтік тарихтың методологиясы және зерттеу әдістері	Әлеуметтік тарихтың методологиясы және зерттеу әдістері пәнінің мақсаты: тарихи теориялар мен әдістер, сонымен қатар әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың нақты мәселелерін зерттеуде тарихи әдістерді көрсету. Тарих ғылымының сапалы серпін жолдарын анықтау және ұлттық тарихтың жаңа көзқарастарын қамтамасыз ету.		Тарихи деректерге, тарихи тұжырымдарға сыни көзқараспен қарауды, тарихи деректер мен тарихи фактілердің жіктерін ашып, тарихи зерттеу әдіс-тәсілдерін игеру; Қазіргі деректанушылық зерттеулердің деректері мен әдістерін, Ғылыми пәндері интеграциялаудың деректемелік аспектілерін нақтылау Құзыреттілігі: Отандық және шетелдік тарихи-педагогикалық жетістіктердің білім беру үрдісін білу;				
12	NRIS 6306 Ұлттық діндер: тарихы және қазіргі жағдайы	Ұлттық діндер: тарихы және қазіргі жағдайы пәнінің мақсаты: Әлемдік діндер мен мәдениеттер ұғымына байланысты қалыптасқан дәстүрлі тұжырымдар мен ой-түйіндерді дәйектеу; Қазақстандағы дәстүрлі діндер мен ағымдардың тарихын оқыту және ерекшеліктерімен таныстыру; -Бүгінгі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар (дәстүрлі емес) шығуының объективтік және субъективтік алғышарттарын түсіндіру; Әйгілі дін ғұламаларының, ойшылдардың діни көзқарастарымен таныстыру;	<i>Тарихнама, Теориялық Деректану, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Дүниежүзі тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас</i>	Ұлттық діндердің даму тарихымен таныс болу; Әлемдік және өңірлік діндерді, діни ілімдерді, олардың институттарын, қазіргі діни үрдістерді қалыптастырудың тарихи кезеңдерін білу; Қазіргі жаһандық әлемдегі әлемдік діндердің рөлін түсіну; өңірлік діндердің діни ілімдері мен культтерін білу; жаңа діни қозғалыстармен, олардың тарихымен танысу, классификациялау критерийлерін игеру; конфессияаралық қатынастарды реттейтін заңнамалық және құқықтық базаны меңгеру;	ПД	ТК	5	3
	РІК 6306 Қазақстандағы саяси	Қазақстандағы саяси идеялар мен институттар пәнінің мақсаты:		Тарихты зерттеудегі жаңа технологиялар. Пәнаралық бағыттар мен жаңа білім				

	идеялар мен институттар	саяси институттарға қатысты заңнамалар мен актілерді зерттеу, Конституция мен саяси жүйеге қатысты сұрақтар, соның ішінде саяси жүйедегі жекелеген құрылымдық элементтердің рөлі мен орны, қоғамдық-саяси институттардың конституциялық құқықтық мәртебесінің мәселелері, олардың қалыптасуы мен жұмыс атқаруын шешуімен байланысын түсіндіру		парадигмаларының тарихнамалық зерттеулерге ықпалын түсіну. Жаңа әдістердің тарих зерттеулеріндегі қолданысы мен ролін меңгеру; - белгілі тарихнамалық фактілерді сараптай білу, өз бетінше қосымша ақпараттар жинау;				
13	STMPAPOI 6307 Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-әдіснамалық көзқарас	Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне қазіргі кезеңдегі теориялық-әдіснамалық көзқарас пәнінің мақсаты: XX ғ. Кеңес Үкіметінің халықаралық қатынастар жүйесінің даму тарихнамасы, зерттелу деңгейін оқыту. Білім алушыларға Кеңес империясының халықаралық қатынастар тарихнамасы, оның ерекшеліктерін оқыту арқылы тарих ғылымының негізгі принциптерін үйрету. Кеңес дәуіріндегі халықаралық қатынастар тарихының тарихнамасы туралы мәлімет алу арқылы білім алушы дүние жүзілік тарихи процестер туралы мағұлмат алуға мүмкіндік алады.	<i>Қазақстан тарихы, Қазақстан және дүниежүзі тарихының деректемесі, Тарихнама, Мәңгілік Ел және Рухани жаңғыру</i>	-тарихнамалық талдаудың принциптері мен тарихи тұжырымдамалардың теориялық-методологиялық негіздерінің ерекшеліктерін қарастыру; -тарихи деректерге, тарихи тұжырымдарға сыни көзқараспен қарауды, тарихи деректер мен тарихи фактілердің жіктерін ашып, тарихи зерттеу әдіс-тәсілдерін саралау; -тарихи зерттеулерде теориялық-методологиялық мәселелерді қолдана білу; - тарихи еңбектермен жұмыс істей білу;	ПД	ТК	5	3
	KSSIPSEA 6307 Қазақстан кеңестік империя құрамында: саяси, әлеуметтік-экономикалық аспект	Қазақстан кеңестік империя құрамында: саяси, әлеуметтік-экономикалық аспект пәнінің мақсаты: XX ғ. Кеңес Үкіметінің халықаралық қатынастар жүйесінің даму тарихнамасы, зерттелу деңгейін оқыту. Білім алушыларға Кеңес империясының халықаралық қатынастар тарихнамасы, оның ерекшеліктерін оқыту арқылы тарих ғылымының негізгі принциптерін үйрету. Кеңес дәуіріндегі халықаралық қатынастар тарихының тарихнамасы туралы мәлімет алу арқылы білім алушы дүние жүзілік тарихи процестер туралы мағұлмат алуға мүмкіндік алады. Қазақстандағы саяси жағдайлар тарихын қазіргі заманғы ғылым жетістіктері мен көзқарастары тұрғысынан оқытуды көздейді. Қазақстандағы XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси репрессиялар тарихын тың концептуалдық тұжырымдар арқылы зерттеп білуге, оны тереңірек игеруге үйретеді		-Әлеуметтік-тарихи процестер мен фактілерді түсіндіру үшін тарихи-гуманитарлық дерек көздерін кешенді талдау әдістерін қолдана алады; өзінің құндылық ретінде қабылдаған ұстанымдарын түрлі қалыптасқан көзқарастық жүйелермен және әлем туралы ғылыми түсініктермен үйлестіре біледі; тарих теориясынан алған білімін ғылыми зерттеу және кәсіби педагогикалық қызметінде қолдана алады; -Кеңестік кезең бойынша өз бетінше ғылыми-зерттеу жүргізе біледі; -Нақты зерттеу бойынша қажетті зерттеу әдісін таңдай біледі үйренеді;				

		жылдарындағы саяси репрессиялар тарихын тың концептуалдық тұжырымдар арқылы зерттеп білуге, оны тереңірек игеруге үйретеді						
14	NLIK 6308 Қазақстанның жаңа өңірлік (локальдық) тарихы	Қазақстанның жаңа өңірлік (локальдық) тарихы пәнінің мақсаты: өлкенің тарих және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын меңгеру георафиялық ортадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір бөлігінің қоныстану тарихы туралы, сол ауданның топонимикасы туралы түсініктерді меңгеру, жекелеген аудан немесе облысқа сипат дарытатын ерекшеліктерді ажыратып, айқындай білу әдістемесін меңгеріп практикалық жұмыс барысында қолдана білу осылардың барлығы өлкетану бойынша білімін құрайды.	<i>Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Тарихнама мен деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері Мәңгілік Ел және Рухани жаңғыру</i>	Тарихи процестің тұтастығы мен көпқырлылығын түсіндіретін ғылыми тұжырымдарды (концепцияларды), тарих ғылымындағы түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың жүріп өткен тарихи-мәдени жолымыз бен бүгінгімізді түсіндірудегі ерекшеліктерін; тарихтың, мәдениеттанудың әлеуметтанудың және т.б. салалардағы аса маңызды теориялары мен концепцияларды саралайды; -тарихи зерттеулерде теориялық-методологиялық мәселелерді қолданады;	ПД	ТК	8	3
	ІРКО 6308 Қазақ қоғамының тарихи жады	Қазақ қоғамының тарихи жады пәнінің мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан тарихының іргелі мәселелерін тереңінен зерттеп, жаңаша зерделеу курстың негізгі мақсаты болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті де теориялық мәселелеріне сипаттама жасау арқылы ұлттық сана қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі Тарихымыздың филолософиялық заңдылықтары мен методологиялық негізін, оның тарихнамалық жүйесі мен деректік қорын, зерттеу әдістемелері мен пайымдау шарттарын және ұлт-азаттық қозғалыс желісі мен жеке тарихи тұлғалар тағдырын, бүгінгі егеменді елдігіміз бен тәуелсіз мемлекеттігіміздің нығаю, даму үрдісінің өзекті мәселелерін зерделеу болып табылады.		Пәнді оқу барысында магистранттар тарихи зерттеулердің жаңа бағыттары туралы қазіргі заманғы тың деректер және көзқарастармен танысады. Зерттеу жұмысында тарихи зерттеулердің жаңа бағыттарын қолдануға машықтанады. Тарих ғылымының қалыптасуының негізгі кезеңдері мен дәстүрлердің ерекшеліктерін оқыту арқылы тарих ғылымының негізгі принциптерін үйренеді;				

Келісілді жұмыс беруші:

Атырау облысы мемлекеттік архивінің
басшысы _____ С.О.Қуаныш

Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің
басшысы _____ Р.Е.Харипова



Жоғары оқу орны келісілді:

ББАСЖДҚЕО жетекшісі _____ Сулейменова Ж.У.

Кафедра меңгерушісі _____ Бердіғожин Л.Б.